

## БЕКІТЕМІН

«Қарағанды облысында білім беруді  
дамытудың оқу-әдістемелік орталығы»

КМҚК директоры

 Д.Асакаева

« 15 » 01 2020 ж.

«Қазіргі заманғы мектепке дейінгі білім беру: 4К моделін енгізу-баланы мектепте оқытуға дайындау үшін инженерлік ойлау мүмкіндігін, шығармашылық қабілеттерін дамыту»

### мектепке дейінгі ұйымдар қызметкерлерінің VIII облыстық ғылыми-практикалық конференциясының ЕРЕЖЕСІ

#### 1. Жалпы ережелер

1. Мектепке дейінгі ұйымдар қызметкерлерінің ғылыми-практикалық конференциясы (бұдан әрі - ФПК) Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығының 2019-2020 оқу жылына арналған іс-шаралар жоспары бойынша өткізіледі.
2. Осы Ереже облыстық ғылыми-практикалық конференцияны ұйымдастыру, өткізу және оның қорытындысын шығару принциптерін белгілейді.
3. ФПК ұйымдастырушылары: Қарағанды облысының білім басқармасы, білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығы.
4. ФПК қатысушылары: мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының басшылары, педагог-психологтар, мұғалім-логопедтер, мұғалім-дефектологтар, әдіскерлер, балабақшалар мен шағын орталықтардың тәрбиешілері (мемлекеттік және жеке).

#### 2. Конференцияның мақсаты мен міндеттері

**Конференцияның мақсаты:** білім беру мазмұнын жаңарту аясында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік стандартын енгізуді жүзеге асыруды қамтамасыз ететін тиімді тәжірибелермен алмасу.

#### Міндеттері:



1. Мектепке дейінгі жастағы балалардың инженерлік ойлауын, шығармашылық қабілеттерін дамыту.
2. Білім беру үдерісіне 4К моделін енгізу.
3. Мектепке дейінгі білім берудің қолданыстағы және жаңа технологияларын талдау: STEM-білім беру, білім беру және жарыстық робототехника.
4. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмысты ұйымдастыру.

#### 3. Конференцияның құрылымы мен негізгі бағыттары

ФПК аясында стенд көрмесі, пленарлық отырыс, пікірталас алаңдары өтеді.

#### Негізгі бағыттары:

- «Инженерлік ойлау». Идея: ойлау негіздері, шығармашылық қабілеттер, робототехника, STEM-білім беру.
- «4К моделі». Идея: креативтілік, сыни ойлау және командада жұмыс істей білу.

  
1  


- «Мектепке дейінгі білім берудің жаңа технологиялары: Lesson Study». Идея: мектепке дейінгі білім беру ұйымдары педагогтарының зерттеу қызметі.

- «Ерекше білім беру қажеттілігі». Идея: ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен тең қамтамасыз ету.

#### 4. Конференцияның Ұйымдастыру Комитеті

1. ГПК дайындау мен өткізуге жалпы басшылық ететін ұйымдастыру комитетін қалыптастыруды Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығы жүзеге асырады.

2. Ұйымдастыру комитеті ГПК дайындау және өткізу бойынша іс-шаралардың орындалуын анықтайды және бақылайды, оның нәтижелерін қорытады және талдайды, БАҚ-та, оқу-әдістемелік орталықтың сайтында конференция қорытындыларын насихаттауды жүзеге асырады.

3. Ұйымдастыру комитеті ұсынылған материалдардың ғылымилығын, қисындылығын және практикалық маңыздылығын бағалау үшін сараптамалық топты құрады, оның қызметінің тәртібін анықтайды, конференцияға қатысатын жұмыстарды бағалау технологиясын бекітеді.

4. Сараптамалық топ: конференцияға ұсынылған жұмыстарды талдау және рецензиялау, плагиатқа тексеру, ГПК жинағында жариялау үшін мақалаларды іріктеуді жүзеге асырады, конференцияға қатысушыларды анықтайды.

5. ГПК-ға қатысуға өтінімдер Қарағанды қаласы, С. Сейфуллин көшесі 8/2, білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығы, 420.каб. мекен-жайы бойынша қабылданады.

Анықтама телефондары: 445630, 502513, 445614.

#### 5. Жұмыстарды ұсыну тәртібі

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мәселелеріне жетекшілік ететін аудандық және қалалық білім бөлімдерінің мамандарына өз өңірінің ГПК-нің мақалаларына сараптама жүргізу қажет. Сараптамадан өткен материалдарды шешім хаттамасымен бірге **2020 жылдың 5 ақпанына дейін [umc-ro@umckrg.gov.kz](mailto:umc-ro@umckrg.gov.kz)** электрондық мекен-жайға «ГПК. мектепке дейінгі» белгісімен жіберу қажет.

2. Ұйымдастыру комитеті мақұлдаған материалдар конференция жинағында жарияланады. Мақала авторы жинақта бір материалды жариялай алады. Жинақта Мақала жариялау үшін төлем 3500 теңге (жинақты ұсынумен). Төлем оқу-әдістемелік орталықтың бухгалтериясында растау алған кезде жүргізіледі.


#### 6. Материалдарды ресімдеуге қойылатын талаптар

1. Мақала көлемі кестелерді, суреттерді және сызбаларды қоса алғанда А4 форматындағы қазақ немесе орыс тілдерінде компьютерлік мәтіннің 3 бетіне дейін болуы тиіс. Өрістер-барлық жағынан 2 см.

2. Автордың аты-жөні, білім беру ұйымының атауы, қаласы/ауданы (шрифт Times New Roman, KZ Times New Roman, курсив, 14 кегль) парақтың ортасына орналастыру қажет. (үлгіні қараңыз).

3. Мақала атауы (шрифт Times New Roman, KZ Times New Roman, жартылай қалың, кегль 14, бас әріппен) - беттің ортасында. (үлгіні қараңыз).

4. Негізгі мәтін Times New Roman (14 кегль) шрифтпен бір жоларалық интервал арқылы орындалады (үлгіні қараңыз). Негізгі мәтіннің абзацтық шегінісі – 1 см,

Бұл  
2020  


теңестіру – ені бойынша, мәтіндегі тасымалды орналастыру – автоматты, беттердің нөмірленуін енгізбестен.

5. Әдебиеттер тізімі – негізгі мәтіннен кейін (шрифт Times New Roman, KZ Times New Roman (кегль 14). (үлгіні қараңыз). Әдебиеттер тізімі ГОСТ Р 7.0.5-2008 сәйкес рәсімделеді . Библиографиялық сілтеме.

6. Әдебиетке сілтеме-тік жақшада, беттің № мен әдебиеттер тізімінен алынған дереккөзден тұрады. (үлгіні қараңыз)

7. Суреттер \*.bmp, \*.tif, \*.jpg, \*.wmf форматтарында жүзеге асырылады немесе Microsoft редакторына қара-ақ түрінде кірістіріледі. Суреттер сипаттамасы 12-ші шрифтпен суреттің астында дәл ортасынан курсивпен жазылады.

8. Кестелер Microsoft Word-қа енгізіледі, Microsoft Excel-дің кестелік редакторында немесе тікелей Word-та орындалады. Кестелер атауы 12-ші шрифтпен жүзеге асырылады, кестенің үстінен ортада курсивпен жазылады.

## МАҚАЛАНЫ РӘСІМДЕУ ҮЛГІСІ

*Воробьева Н.Н.*

*Теміртау қ. Балабақша № \_\_\_\_\_,*

## МАҚАЛА АТАУЫ

Негізгі мәтін. Негізгі мәтін. Негізгі мәтін. Негізгі мәтін. Негізгі мәтін. Негізгі мәтін. Негізгі мәтін.

### **Әдебиет:**

1. Автор. Атауы. Басылым орны. Шыққан жылы

